

Келес ауданы  
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабалабақшасының педагог қызметкерлерімен  
өткізілген жиналыстың

**№1 Хаттамасы**

Катысқаны: 12

Катыспағаны:

28 - Тамыз  
2023 жыл

**Күн тәртібінде**

**Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына дайындық»**

**Мақсаты:** 2023-2024 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, Биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. Жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары бойынша педагогтардың есебін тындау. Тамыз кеңесінде айтылған ой-пікірлерді, стандартқа енгізілген өзгерістерді саралау.

1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларының есебі.
2. Тақырыптық бақылау. Топтардың 2023-2024 оқу жылына дайындығы туралы.
3. 2023-2024 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат-міндеттерімен таныстыру.
4. 2023-2024 жаңа оқу жылының күн тәртібін, оқу қызметі кестесін бекіту туралы.
5. 2023-2024 жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат-міндеттерімен таныстыру.
6. 2023-2024 оқу жылына арналған эксперименттік алаң жұмысының жоспарын бекіту.
7. №1 педагогикалық кеңес шешімі

**Сез алғандар:** Топ тәрбиешілері

Толегенова Жумагуль Ергешбаевна (б/б медбикесі)

Толегенова Эльмира Исабековна (б/б менгерушісі)

Ақжанова Молдир Сейткаrimовна (б/б әдіскері)

**Тындалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе жазғы сауықтыру іс-шараларының қортындысы жайлы балабақшаның медбикесі баяндады.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес үйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін үйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталады.

2023 жылдың 1- маусым айынан бастап 01- қыркүйегіне дейін балабақша балалары жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспары бойынша тәрбиеленеді.

Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көніл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Екінші мәселе жаңа оқу жылына топтардың дайындығы жайлы әдіскер М.Ақжанова айтып өтті.

2023-2024 оқу жылына топтардың балабақшаның дайындығы жақсы деңгейде. Топтар ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Топтар оқу жылына дайын.

Ушінші мәселе, бойынша бақшаның менгерушісі Э.Толегенова, 2023-2024 оқу жылындағы жоспармен таныстырып, стандарт талапарына сүйене отырып түзілгенін мәлімдеді. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілді.

Төртінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі балабақша менгерушісі Э.Толегенова, стандарт жаңалықтарымен балабақша қызметкерлерін таныстыруды: және топ тәрбиешілеріне ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті кестесі мен оқу жоспарларын бекітіп берді.

Бесінші мәселе, балабақша қызметкерлерін орнықтыру бойынша менгеруші Э.Толегенова, балалардың жас ерекшелістеріне байланысты, топтарға жіктеп, қызметкерлерді орнықтырып, бекітті. Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

## Шешім

1. Жазғы сауықтыру іс шараларының қорытындысы қанағаттанралық деп табылсын.
2. 2023-2024 оқу жылындағы жоспармен таныстырып, бекітілсін.
3. Топтардың оқу жылына дайындығы қанағаттанаралық деп табылсын, қадағалау әдіскерге жүктелсін.
4. Балабақшадағы топтардың жасына қарай оқу іс-әрекетінің кестесі, күн тәртібі бекітілді, сол бойынша жұмыс жүргізілсін.
5. Балабақша қызметкерлерін орнықтырылды, әрі қарай әр қызметкер жүйелі жұмыс жүргізсін.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:



Э. Толегенова  
М.Ақжанова

Келес ауданы  
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен  
өткізілген жиналыстың

№2 Хаттамасы

Катысқаны: 12  
Катыспағаны:

22 - қараша  
2023 жыл

Күн тәртібінде

**Тақырыбы:** Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарынада қолдану.

**Мақсаты:** Инновациялық технологиялар арқылы балалардың денсаулықтарын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру жолдарын қарастыру. Коррекциялық топтағы балалармен түзету-дамыту жұмыстары бағыттарын қарастыру.

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
2. *Тренинг. Адам* денсаулығына көңіл-күйдің әсері.
3. *Шеберлік сыйнып.* Бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану.
4. *Шеберлік сыйнып.* Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу.  
*Шеберлік сыйнып*
5. *Іс-тәжірибеден.* Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызыгуышылдықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогдардың іс-тәжірибесі
7. *Кешенді бақылау қорытындысы.* «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы
8. *Көрме.* Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар.
9. №2 педагогикалық кеңес шешімі

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Э. Толегенова, жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері , №1 педагогикалық кенес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толытыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша, балабақшаның педагог-психологы , «Адам денсаулығына көніл-күйдің әсері» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг соңында ұжым қызметкерлері көтеріңкі көніл – күйге еніп, психологқа өз алғыстарын білдірді.

Үшінші мәселе, бала денсаулығына күнделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану тақырыбында шеберлік сыйыпты МАД топтарының тәрбиешілері өткізді өткізді.

Қоғамдық тәрбиенің жалпы жүйесінде мектеп жасына дейінгі баланы дene жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, мұның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы жұмыс қабілетін арттыру дene жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Қазақ ұлттық дәстүрімізге сай көріктілігін, ептілігін, сегіз қырлы бір сырлы жан-жақты ұлттық қасиетін таныш білуді бала бойына қалыптастыру сәби кезінен табылады. Сондықтан осы таңертеңгілік ұлттық би жаттығуы әдістемелік құралын ұсынамыз.

Әдістемелік құралда таңертеңгілік жаттығуларды ұйымдастыру бала денесінің жан-жақты дамуына арналған жаттығулар беріледі. Балалардың сүйек жүйелері мен байланыс буын қызметінің дұрыс жетілуіне, бел омыртқаның, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет. Барлық бұлшық ет топтарын, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуін дамытуға мүмкіндік жасау керек. Басты міндет балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Төртінші мәселе бойынша, ортаңғы топ тәрбиешілері «Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу» туралы шеберлік сыйып өткізді.

Бесінші мәселе, «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» бойынша іс – тәжірибемен балабақша тәрбиешісі белісті.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызметі. Танымдық өрісінің дамуы:

- 1 жастағы балада заттық қабылдау, бірақта ол толық жетілмеген.
- 2 жаста бала заттың қасиеттерін әліде болса айыра алмайды, оны тек ашық белгілеріне қарай ажырата алады.
- 3 жаста бала заттың формасын, көлемін, түрін ажырата алады. Сонымен бірге үлгі бойынша көріп қабылдайды.
- 3 жаста бала 5-6 форманы және 8 түсті менгеруі тиіс. Естіл қабылдау жедел дамиды.

Зейіні ырықсыз. Зейін көлемі тар алаңболушылық басым. Есі ырықсыз естің басты ролі қайталауда. Қимыл-қозғалыс есі басым екені көрініс береді.

Алтыншы мәселе, «Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызыгуышылдықтарын ояту» туралы әр топ тәрбиешілері өз іс-тәжірибесімен белісті.

Ересек топ тәрбиешісі, Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі – мәдениеті мен өнерінің де ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақ халқы ұлттық ойындарға бай халық. Ұлттық ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып жатыр. Ата – бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек өмір сүруімізде ұлттық ойындардың атқаратын міндегі айрықша. Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі, - деп сөзін аяқтады.

Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі туралы, ерте жас тобының тәрбиешісі баяндады. Топ жұмысы қанағаттанарлық деңгейде жүргіп жатқаны туралы айтты.

Жетінші мәселе, балабақша әдіскері, кешенді бақылау қорытындысын баяндады. Дене шынықтыру пәндерінің өтілу сапасының кешенді тексеру 2023 жылдың 01-қарашасы мен 21-қарашасы аралығында өткізілді. Кешенді тексеру барлық топтар арасында жүргізілді. Денсаулық бұрыштарын, дене тәрбиесі оқу іс-әрекеттері мен сауықтыру-шынықтыру шараларын, қауіпсіз мінез – құлық шараларын бақылау арқылы жүзеге асты. Барлық топтарда дене тәрбиесіне арналған құралдарды толықтырып, атрибуттарды көбейту керектігі ескертілді.

Комиссия мүшелері барлық топтарда келешекте толықтыру жұмыстарын жалғастыра беру керектігін айтты.

Кіші топ тәрбиешілері – Балалардың қол, саусақ бұлшықеттерінің жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдардан көрме ұйымдастырыды. Көрме қорытындысы жасалынып, өте жақсы деп бағаланды. Алдағы уақытта балаларды тәрбиелуе барысында пайдаланылсын, деп шешілді.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

### Шешім:

1. №1 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Адам денсаулығына көніл-күйдің әсері, тақырыбындағы тренинг «жақсы» деп бағалансын, педагогтармен әрі қарай жұмыс жүргізу педагог-психологқа міндеттелсін.
3. «Бала денсаулығына қунделікті жаттығу жасаудың маңызы және жаттығуларды жас ерекшеліктеріне сай қолдану» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын, толықтыру жұмыстары топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
4. Ерекше балалармен тіл дамыту жұмыстарын жүргізу. Шеберлік сыннып бойынша ортағы топ тәрбиешілері қанағаттанарлық деңгейде жұмыс жүргізген деп бағалансын.

5. «Ерекше балалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбындағы баяндама қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланып, оқу іс әрекеті кезінде қолданылсын.
6. Балаларды ұлттық ойындар арқылы саз өнеріне қызығушылықтарын ояту. Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесі басқа топтарға таратылып, теренірек қолданылсын.
7. «Денсаулық» саласы бойынша оқу қызметтерінің жүргізілу барысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
8. Балалардың қол, саусақ бұлшық еттерін, жалпақ табандылық, көз т.б. арналған құралдар «жақсы» деп бағалансын. Үйымдастырылған оқу іс – әрекеттерге қолданылсын.

Балабакша менгерушісі   
Хатшы  Э. Голегенова  
 М. Ақжанова

Келес ауданы  
ЖШС «Балнұр» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен  
өткізілген жиналыстың

№3 Хаттамасы

Қатысқаны: 11  
Қатыспағаны: 1

27 - қаңтар  
2024 жыл

Күн тәртібінде

**Тақырыбы:** Тәрбие мен оқыту үдерісінде дамытушы ойындар мен ұлттық ойындарды қолдану.

**Мақсаты:** Тәрбие мен оқыту үдерісінде дамытушы ойындарды қолдану арқылы балалардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ұлттық ойындар арқылы балаларды танымдық қабілеттеін дамыту.

1. №2 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама.
2. *Іс-тәжірибе:* Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі
3. *Шеберлік сыннып.* «Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар Ұлттық бүйімдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану
4. *Ішінара бақылау.* Эксперименттік топтарда ұлттық ойындарды қолдану деңгейі.
5. Ұлттық бүйімдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану.  
Эксперименттік топтағы педагогтардың іс-тәжірибесінен
6. №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды анықтамасы
7. *Кешенді бақылау қорытындысы.* Ересек даярлық топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау
8. *Көрме:* «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б.
9. №3 педагогикалық кеңес шешімі.

Тындалды: Балабақша менгерушісі Э.Толегенова, жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері , №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толытыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша, Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі туралы, балабакша тәрбиешісі баяндады. Ұлы жазушы В.А.Сухомлинский былай дейді: «Ойынсыз баланың толыққанды ақыл ойы дамымайды және дамуы да мүмкін емес. Ойын – ол үлкен жарық терезе, ол арқылы баланың ішкі жан – дүниесіне жандану нәрі құйылады, айналадағы әлемді ұгады. Ойын – ол сәуле, жанатын от, білуге деген құштарлық, алатын нәр» десе, қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай есер бала бола ма?» деп айтқандай ойын баланы дамыту құралы, оку мен білімнің тәрбиенің негізін қалыптастыратын да – ойын.

Ойын арқылы бала қатынасқа түседі яғни өзін - өзі таниды, тілі дамиды, ынтымақтасады, өзара бақылау жасайды. Мәселен, бала өзі ғана емес, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды. Сол арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды, ал мұның өзі –баланың дамуы үшін маңызды фактор. Ойын үстінде баланың түрлі қасиеттері, қуанышы мен реніші, қабілеті мен белсендігі көрінетін туралы аса көрнекті педагог А.С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде, кәсіби қызмет саласында, көбінесе солай болады».

Үшінші мәселе, шеберлік сынып бойынша, кіші топ тәрбиешісі – Жұмабай Сауле, «Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар» туралы айтты. Топ балаларының жас ерекшелігіне сәйкес қолданылып жүрген дамытушы ойындардан презентация жасап, тәрбиешілердің назарына ұсынды.

Төртінші мәселе, эксперименттік топтарда ұлттық ойындарды қолдану деңгейі туралы әдіскер баяндады. Балабакшада ұлттық ойындарды дамыту XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүтінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндегі болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала деңсаулығының мықты болып, қозғалыс, деңе құрылышының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасан дәстүрлі ойын - сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен деңе шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам деңсаулығына жақсартуда пайдалы аса құшті екені қылды.

Бесінші мәселе, Ұлттық бұйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану. Эксперименттік топтағылар туралы әдіскер баяндады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа

оймен бере білуге дағдыланады. Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілетінің дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі болып табылады. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады.

Сондықтан, балабақшада баланың басты әрекеті ретінде бейнелеу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала сурет сала, қия және желімдей келе, бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін менгеріп, оны болашақта пайдалана біletіндей болады.

Алтыншы мәселе бойынша, балабақшаның әдіскері-Э.Толегенова баяндады, №3 педагогикалық кеңесіне үйымдастырылған іс-шаралардың қорытынды туралы анықтаманы ұсынды. Кемшіліктер мен толықтыру жұмыстарын атап көссетті.

Жетінші мәселе, ересек, даярлық топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау жұмыстары бойынша қорытынды жасалынды. Әдіскер, ойындардың түрлері мен балалардың танымдық деңгейінің өсуіне әсерін айтты. Қандай ойын түрлері қолданылып жатқанын, аттрибуттарды көссетті.

Сегізінші мәселе, барлық топтарда көрме үйымдастырылды. «Қазақтың ұлттық ойындары» тақырыбында өткізілді, құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналардан көрме үйымдастырылды. Көрме өте жоғары деңгейде үйымдастырылды. Көрменің нәтижесін, балабақша менгерушісі жасады. Жоғары деп бағалады.

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

### Шешім:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімі бойынша жасалынған қорытынды анықтама қанагаттанарлық деп бағалансын. Толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік қабілеттерін қабілеттерінің даму ерекшелігі тақырыбында жасалынған іс – тәжірибе қанагаттанарлық деп бағаланып, топ тәрбиешілерінің үйымдастырылған оқу іс әрекеті барысында қолданылуға ұсынды.
3. Кіші топтарда қолданылатын дамытушы ойындар тақырыбындағы шеберлік сыйнып қанагаттанарлық деңгейде. Толықтыру жұмыстары әдіскерге жүктелсін.
4. Эксперименттік топтарда ұлттық ойындарды қолдану деңгейі жақсы деп бағалансын.

5. Эксперименттік топтағы ұлттық бүйымдарды әшекейлеуде дәстүрден тыс әдістерді қолдану деңгейі қанағаттанарлық деп бағалансын. Толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
6. №3 педагогикалық кеңесіне ұйымдастырылған іс-шаралардың қорытындысы жәақсы деп бағалансын.
7. Ересек даярлық топтарында дамытушы ойындарды қолдану деңгейін бақылау бойынша кешенді бақылау қорытындысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
8. «Қазақтың ұлттық ойындары» құралдар, альбомдар, кітапшалар, картиналар т.б. жасалынған көрме жақсы деп бағалансын. Барлық топ тәрбиешілеріне қолданылу ұсынылсын.
9. №3 педагогикалық кеңес шешімі шығарылып, толыққанды жұмыстар жүргізілсін.

Балабакша менгерушісі  
Хатшы:

О.Полегенова  
М.Акжанова



## Келес ауданы

**Көлес ауданы**  
**ЖШС «Балнұр»бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен**  
**еткізілген жиналыстың**  
**№4 Хаттамасы**

### Катысканы: 12

## Катыспаганы:

19 - наурыз  
2024 жыл

## Күн тәртібінде

**Тақырыбы:** Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымактастық

**Мақсаты:** Балабакша мен отбасы арасында байланысты нығайтуда ата-аналармен жұмыс жүргізу бағыттарын жетілдіру

1. №3 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
  2. *Ақыл-кеңес.* Ата-аналарды балабақшаның жұмыстарына тарту әдістері
  3. *Іс-тәжірибе.* Ата-аналармен сейлесу мәдениеті.  
  4. *Шеберлік сынны.* Ата-аналар арасында дау –дамайды шешу жолдары.
  5. Топтағы педагогтардың іс-тәжірибесінен шеберлік сыннып. Балаларды ұлттық ою-өрнектермен таныстыруда ойын түрлерін қолдану
  6. *Тақырыптық бақылау қорытындысы.* Балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындығына бақылау жасау.
  7. №4 педагогикалық кеңес шешімі

Сезалғандар

Әдіскер Менгеруші - Толегенова Эльмира Исабековна  
Психолог- Жумабай Сауле Беріккызы

### (Тәрбиешалар)

Тындалды: Балабақша менгерушісі Э.Толегенова, жиналысты ашық деп жариялап, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен ташытырыл.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері, №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толытыру жұмыстары жүргізілген, кадағалауда

Балабақшаның әдіскері, баяндады. Ата-аналарды балабақшаның жұмыстарына тарту әдістері балабақшаның жылдық жоспарында белгіленеді және сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Үшінші мәселе бойынша кіші топ тәрбиешісі, ата-аналармен сөйлесу мәдениеті туралы баяндады. XXI-ші ғасырдың жас педагог маманы, адам баласының жан дүниесін түбекейлі озгерте алатын бірден-бір басты тұлға-мұғалім екендігін, туган елім. Қазақстанды кемелденген өркеннетті елдер катарына жеткізетін, жан-жакты білімділігімен, жоғары біліктілігімен және мәдениетімен, қоғам ісіне жан тәнімен берілген саналылығымен және салауаттылығымен даралығы айқын көрінетін, барыс мінезді ақылды аладлар

ұрпағы екендігін терең сезіне отырып, қоғамның осы қажеттілігін қанағаттандыруға өз үлесімді қосуды көздеймін.

Төртінші мәселе бойынша шеберлік сыйып ұйымдастырылды. Ата-аналар арасында дау –дамайды шешу жолдары тақырыбында.

Қарым-қатынастың бұзылуы, жанжалдашулық пен оқшауланушылық баланың қоршаган ортаға нашар бейімделуінің белгісі. Келешектегі сезімдік-тұлғалық мәселелердің маңызды себептері.

Мектеп психологының қызмет көрсету сферасы окушылар, мұғалімдер, ата-аналар, әкімшіліктер, яғни кез-келген адамдар арасындағы қарым-қатынас қыншылықтарын шешу болып табылады. Себебі сыйыптағы қарым-қатынас сипаты баланың білім алуды мен тәрбиеленуіне едәуір әсер етеді. Егер мұғалім окушыларға дұрыс тәрбие беріп, білімдерін жоғарылатамын десе, онда ең бірінші кезекте окушылардың өзара қарым-қатынасын, сондай-ақ мұғалім мен окушы арасындағы қарым-қатынасты реттеп алған жән.

Олай болса, біз бұл тарауда балаларды тату болуға, бірігүе үйрететін, басқаларды түсінуге, қолдауға көмектесетін ойындар мен жаттығуларға сипаттама беруге, сондай-ақ оны тиімді қолданудың жолдарын көрсетуге тырысамыз.

Қарым-қатынасты жақсартуға арналған тапсырма мен ойындарға қатысушылардың көп болуы соғұрлым нәтижелі бола түседі. Кейбір жаттығуларды ата-аналар өз балаларымен бірге орындаі алса, ал көпшілік бөлігі құрдастары, достарымен бірге ойналатын болады. Сондықтан төменде көрсетілетін ойындар мен жаттығуларды өткізбес бұрын, оны жүртізетін орындарды ұйымдастырып алған жән. Балаларға арнап мерекелер мен ойнсауықтарды жиі-жіі ұйымдастырып, оларға көбірек көңіл бөлу -мұғалім іс-әректін жандандыра түседі.

Бесінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ахмет, топтагы педагогардың істәжірибесінен шеберлік сыйып ұйымдастырылды. Балаларды ұлттық ою-өнерктермен таныстыруды ойын түрлерін қолдану тақырыбында өткізілді. Балабақша ұжымы шеберлік сыйыптан өте көп мәліметтер алыш, жақсы деп бағалады.

Алтыншы мәселе бойынша балабақша әдіскері – М.Акжанова, балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындығына бақылаудың қорытындысын жасады.

2023-2024 оқу жылында балабақшаның бүлдіршіндерінің жан-жақты дамуынан бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылуға болашақ ұрпақ тәрбиелеуді баланың эстетикалық талғамын, шығармашылығын, әсемдікке, сұлулыққа, құмарлығын арттыруға барлық жағдай жасалуда. 2023 жылдың қыркүйек айынан бастап 9 ай көлемінде берілген тәрбиелер мен білімдері бақыланып, мектепке дайындығы бақыланды.

Жиналыс сонында қаулы қабылданып, шешім шығарылды

1. №3 педагогикалық кеңес шешімі бойынша жасалынған анықтама қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Ата-аналарды балабақшаның жұмыстарына тарту әдістері туралы жасалған ақыл-кеңес қанағаттанарлық деп бағалансын. Ата-аналармен жұмыстарды жүргізу топ тәрбиешілері мен әдіскерлерге жүктелсін.
3. Ата-аналармен сөйлесу мәдениеті тақырыбында оқылған баяндама қанағаттанарлық деп табылсын, топ тәрбиешілері жұмыс барысында баяндамада аталған нұсқаулықтарды негізге алып жұмыс жүргізсін.
4. Ата-аналар арасында дау –дамайды шешу жолдары туралы өткізілген шеберлік сынып қорытындысы нәтижелі деп бағалансын. Ата-аналар арасында дау дамайды болдырмау керек.
5. Топтағы педагогардың іс-тәжірибесінен шеберлік сынып. Балаларды ұлттық ою-өрнектермен таныстырудың ойын түрлерін қолданудың маңыздылығы жақсы деп бағаланып, іс әрекет барысында қолданылсын. Қадағалау әдіскер-М.Ақжановаға міндеттелсін.
6. Тақырыптық бақылау қорытындысы бойынша «Балалардың мектепке педагогикалық, психологиялық дайындығына бақылау жасау» тақырыбы бойынша жасалынған қорытынды қанағаттанарлық деп бағаланып, толықтыру жұмыстары МАД топтарының тәрбиешілеріне жүктелсін.

Балабақша мендерушісі:  
Хатшы



Э.Толегенова  
М.Ақжанова

Келес ауданы

ЖШС «Балыңур» бөбекжай балабақшасының педагог қызметкерлерімен  
өткізілген  
жиналыстың  
№6 Хаттамасы

Катысқаны: 12  
Катыспалғаны:

30 - мамыр  
2024 жыл

Күн тәртібінде

**Тақырыбы:** «Оку жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы»

**Мақсаты:** Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тындау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау.

1. №4 педагогикалық кеңес шешімі бойынша анықтама
2. Сауықтыру және шынықтыру іс-шаралары туралы
3. 2023-2024 оку жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімін бекіту.
4. Педагогтардың (тәрбиешілер мен мамандардың) жылдық жұмыс қорытындысы.
5. Педагог-психологтардың жылдық есебі, балалардың психологиялық түрғыдан мектепке дайындығы
6. 2023-2024 оку жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі
7. 2023-2024 оку жылындағы жұмыс нәтижесіне қорытынды есеп
8. №5 педагогикалық кеңес шешімі

Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Э. Толегенова, жиналысты ашық деп жариялад, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырыды.

Бірінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері, №3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы жайлы баяндады. Бірінші кеңесте талқыланған мәселелер бойынша толытыру жұмыстары жүргізілген, қадағалануда.

Екінші мәселе бойынша бақшаның әдіскері, жазғы сауықтыру шараларын түзіп балабақша жұмысын жазғы кезеңге өткізу 1-ші маусымнан 1-күркүйекке дейін екенін айттып, мейірбикеге міндетті, тәрбиешілерге міндетті жұмыстарын жүктеп, ез жұмыстарына мұқият қарауларын қатаң түрде міндеттеді.

Үшінші мәселе бойынша, бақшаның әдіскері, педагогикалық кадрларды аттестаттау жұмысын үйымдастыру туралы айтты

Педагогтарды аттестаттаудың мақсаты – біліктілік пен кәсіптік деңгейінің өсуін ынталандыру, педагогикалық еңбек сапасы, шығармашылық бастаманы дамыту, педагогтар еңбегін жіктеу арқылы олардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету.

Педагогтарды аттестаттаудың міндепті-педагогтың кәсіби деңгейіне сәйкес біліктілік санатын беру.

Педагогтарды аттестаттау принциптері-еркіндік, жариялыштық жүйелік, тұтастық. Аттестаттаудан өтетін педагогтардың тізімі жасалынып, өтініштері қабылдансын.

Төртінші мәселе, педагогтардың (тәрбиешілер мен мамандардың) жылдық жұмыс қортындысын, педагогтар баяндады. Барлық тәрбиешілердің жыл бойында жасалған жұмыстары толығымен талқыланып, тындалды.

Бесінші мәселе бойынша, педагог-психологтардың жылдық есебі, балалардың психологиялық тұрғыдан мектепке дайындығы туралы баяндады. МАД топ балаларының мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту бағдарламасын игерудің өзіндік ерекшеліктерін тілге тиек ете отырып, мектепке баратын бұлдіршіндердің мониторинг және тест қортындысымен таныстыруды.

Жалпы қортынды бойынша мектепке баратын бұлдіршіндер бағдарламаның 95% игерген. Балалар мектепке дайын екенін баяндады.

2023-2024 оку жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қортынды есебі туралы, балабақшаның әдіскері баяндады. Эксперименттік алаң бойынша топ тәрбиешілері нәтижелі жұмыс жүргізілді.

2023-2024 оку жылындағы жұмыс нәтижесіне қортынды есепті балабақша әдіскері жасады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндепті білім беру, стандартты мектеп жасына дейінгі балаларға үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие мен оқытуды жан – жақты дамыған жеке тұлғаны, оның дамуы мен қабілет деңгейінің өсуіне үлесін қосады. Балабақша педагог, ата – ана, және біздің болашағымыз балалар – осы ушбұрыштың еңбегінің жемісі ескелен ұрпак.

Корыта келгенде 2023 – 2024 оку жылында ұжымның жылдық жоспарға сай барлық іс – шаралар, оку тәрбие жұмыстары жақсы деңгейде өткізіліп, ұйымдастырылды. Алдыңғы уақытта жаңа педагогикалық технологияларды қолданып, одан да жақсы нәтижелерге жетіп, өскелен ұрпакқа тәлім – тәрбие беруге қажымай еңбек етеміз

Жиналыс соңында қаулы қабылданып, шешім шығарылды.

### Шешім:

- №4 педагогикалық кеңес шешімі бойынша жасалынған қортынды қанағаттанарлық деңгейде деп бағалансын.
- Сауықтыру және шынықтыру іс-шаралары стандарт талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жүргізілсін.
- 2023-2024 оку жылында аттестатталатын педагог қызметкерлерінің тізімі бекітіліп, ұсынылсын .
- Педагогтардың (тәрбиешілер мен мамандардың) жылдық жұмыс қортындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
- Педагог-психологтардың жылдық есебі, балалардың психологиялық

тұрғыдан мектепке дайындығы жақсы деңгейде, толықтыру жұмыстары жүргізілсін.

6. 2023-2024 оқу жылындағы эксперименттік алаң жұмысының қорытынды есебі жақсы деп бағаланып, тиімді тұстары пайдаланылсын.
7. 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс нәтижесіне жасалынған қорытынды есеп өз деңгейінде деп бағалансын.

Балабақша менгерушісі  
Хатшы

Ә.Толегенова

М.Аюканова

